- ☒ D) Молекулалық азотты нитрат иондарына айналдырады
- E) Нитрат иондарын аммоний иондарына айналдырады


Ауыл мектептерінің 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңі

Түр: II

Жалпы ұпай саны: 53

Уақыты: 90 минут

1. Модель, белгілі бір ағзаның жасушасында жүретін процесті көрсетеді (суретте).



Қай тұжырым суретте көрсетілген процесті дұрыс түсіндіреді?

- ☒ А) ДНК репликациясы жүруде, себебі репликация жартылай-консервативті және жаңа тізбек матрицалық тізбектің көшірмесі болып табылады.
- ☐ В) Транскрипция инициациясы жүруде, себебі РНҚ тізбегі ДНК матрицалық тізбегінен синтезделеді.
- ☐ С) Трансляция жүруде, себебі екі тізбек ажырап, жаңа тізбек синтезделуде.
- ☐ D) мРНҚ-ның альтернативті сплайсингі жүруде, себебі мРНҚ тізбегі тек бір ДНК тізбегінен синтезделеді.

2. Антибиотиктер прокариоттық жасушалардың қызметіне әсер етеді. Стрептомицин — прокариоттарда рибосоманың кіші суббірлігіне әсер ететін антибиотик. Әсіресе, стрептомицин прокариоттық рибосомаларда тРНҚ-ның мРНҚ-мен дұрыс байланысуына кедергі жасайды.

Төмендегі қай нұсқа стрептомициндің прокариоттық жасушаларға әсер етуінің тікелей салдарын ең дұрыс болжайды?

- ☒ А) Аминқышқылдардың синтезі басылады.
- ☐ В) мРНҚ ДНК-дан транскрипцияланбайды.
- ☐ С) Посттрансляциялық модификациялар алдын алынады.
- ☐ D) Полипептидтердің синтезі басылады.

3. Қойларда **P** гені – мүйізсіздікті, ал **P'** гені – мүйізділікті анықтайды. Бұл аллельдердің басымдылығы жынысқа байланысты. Қошқарларда мүйізділік мүйізсіздікке қарағанда басым, ал қойларда мүйізсіздік мүйізділікке қарағанда басым болады.

Мүйізді қойды мүйізсіз қошқармен будандастырғанда F₁ ұрпағы қандай болады деп күтуге болады?

- ☐ А) барлық ұрпақ (қойлар да, қошқарлар да) мүйізсіз болады
- ☐ В) барлық ұрпақ (қойлар да, қошқарлар да) мүйізді болады
- ☐ С) ұрпақта тек мүйізсіз қошқарлар болады, мүлде қой болмайды
- ☐ D) барлық қойлар мүйізді, ал барлық қошқарлар мүйізсіз болады
- ☒ E) барлық қойлар мүйізсіз, ал барлық қошқарлар мүйізді болады

4. Электрондарды тасымалдау тізбегі (ЭТТ) бірнеше электрон тасымалдаушы молекулалардан тұрады. Бұл тасымалдаушылар мембраналарда орналасқан.

Осы тасымалдаушылардың әдетте мембраналарда орналасуын ең дұрыс түсіндіретін тұжырым қайсысы?

- A) ЭТТ бойымен қозғалатын электрондар эндоцитоз бен экзоцитоз процестеріне тікелей пайдаланылады.
- B) ЭТТ бойымен қозғалатын электрондар АТФ-ты мембранааралық кеңістіктен айдаумен байланысқан.
- ☒ C) ЭТТ-дан алынған энергия мембрананың екі жағында протондар концентрациясының айырмасын жасайды.
- D) ЭТТ-дан алынған энергия АТФ молекуласын толық тотығуға жұмсалып, энергияны мембранадан тыс босатады.

5. Эукариотты жасушаның жасушалық циклінде ДНҚ мөлшері қанша пайызға өзгереді деп күтіледі — G₁ фазасының басынан G₂ фазасының соңына дейін?

- A) -100%
- B) -50%
- ☒ C) +50%
- D) +100%

6. Үш үдеріс көрсетілген:

- I. Аэробты тыныс алу
- II. Сүт қышқылды ашу
- III. Спирттік ашу

Осы үдерістердің қайсысы тек цитоплазмада жүреді?

- A) тек I
- B) I және II
- C) I және III
- ☒ D) II және III
- E) тек III

7. Қатты физикалық жүктеме кезінде бұлшықеттер аэробты тыныс алуды жалғастыра алмайды. Неліктен?

- A) бұлшықеттер өте қарқынды жұмыс істеп, түсетін оттегі аэробты тыныс алуға жеткіліксіз болады
- ☒ B) аэробты тыныс алу бұлшықет жасушаларына уытты сүт қышқылын тым көп түзеді
- C) аэробты тыныс алу өте аз энергия береді, ал қарқынды жүктеме кезінде бұлшықеттерге көп энергия қажет
- D) аэробты тыныс алу бұлшықет жасушаларына уытты көмірқышқыл газын тым көп түзеді
- E) аэробты тыныс алу бұлшықет жасушаларына уытты этанолды тым көп түзеді

8. Нефронда зәр үш кезеңде түзіледі: сүзілу, қайта сіңу және секреция. Сүзілу кезінде салыстырмалы түрде ұсақ молекулалар қандаң Боумен қапшығына өтеді. Төменде берілген заттардың қайсысы қандаң Боумен қапшығына өтпейді?

- A) су
- B) нәруыздар
- C) минералды заттар
- ☒ D) зәрнәруыз (мочевина)
- E) глюкоза


9. Кейбір организмдер, мысалы жәндіктер мен бауырымен жорғалаушылар, құрғақ ортада тіршілік етеді. Оларға ағзада суды сақтау қажет. Азотты алмасу өнімдері ретінде олар қандай қосылысты бөледі?

- A) Аммиак — уыттылығы жоғары, суда жақсы еритін
- B) Зәрнәруыз (мочевина) — уыттылығы орташа, суда орташа еритін
- ☒ C) Зәр қышқылы — уыттылығы төмен, суда аз еритін
- D) Аминқышқылдар — уыттылығы мен ерігіштігі әртүрлі
- E) Акуыздар — уыттылығы төмен, суда жақсы еритін

10. Осы ДНҚ тізбегіне комплементарлы тізбекті құрыңыз: 3'-AGGCTC-5'

- A) 3'-TAACCG-5'
- ☒ B) 3'-GAGCCT-5'
- C) 3'-GAGTCC-5'
- D) 3'-TCCATT-5'
- E) 3'-TCCGAG-5'

11. Митоздың алғашқы кезеңінен соңғы кезеңіне дейінгі реттілікте сызбаларды орналастырыңыз.



- A) A, B, C, D
- B) B, C, D, A
- ☒ C) C, D, B, A
- D) C, B, D, A
- E) D, C, B, A

12. Бұл сурет кроссинговер үдерісін көрсетеді.



Кроссинговердің маңызы неде?

- A) Ол митоздан кейін гаметалардың тең бөлінуін қамтамасыз етеді
- B) Ол мейоз I-ден кейін гаметалардың тең бөлінуін қамтамасыз етеді
- C) Бөліну ұршығының жіпшелері хромосомалардағы кроссинговер аймағына бекітіледі
- ☒ D) Ол түзілетін гаметаларды әртүрлі етіп, генетикалық әртүрлілікті арттырады
- E) Кроссинговер жаңа гендер түзеді, олар организмге қосымша қабілеттер береді

13. Дигибридті будандастыруда $AaBb \times AaBb$, ұрпақтың қанша бөлігі екі рецессивті белгілер бойынша гомозиготалы болады?

- ☒ A) 1/16
- B) 1/8
- C) 3/16
- D) 1/4
- E) 3/4

14. Елестетіңіз, сіз өскенде алыс ғаламшарда инопланеталықтар популяциясын ашқан ғалымдардың бірі боласыз. Бұл инопланеталықтардың арасында қара түсті және ақ түсті организмдер бар.



Қара түстің аллелі доминантты (D), ал ақ түстің аллелі рецессивті (d). Сіз сондай-ақ инопланеталықтардың белгілері Мендель заңдары бойынша ұрпақтан ұрпаққа берілетінін анықтадыңыз. Адамдар сияқты, олардың да әр белгі бойынша екі аллелі бар. Сіз инопланеталықтардың бір отбасымен кездестіңіз, олар сіздің достарыңызға айналды. Бұл отбасында әкесі — қара түсті, анасы — ақ түсті, ал олардың жалғыз баласы да ақ түсті. Осы отбасының әкесінің генотипі қандай?

- A) DD
- B) DDd
- C) dd
- ☒ D) Dd
- E) Ddd

15. Әдетте бидайда 14 хромосома болады (диплоидті жиынтық). Бірақ ғалымдар 28 немесе 42 хромосомасы бар бидайдың сорттарын шығарды. Бұл өзгертілген өсімдіктер анағұрлым құнарлы болып табылады.

Бұл әдіс қалай аталады?

- A) Селекция
- B) Гендік инженерия
- C) Хромосомаларды өзгерту
- D) Микрочиптік талдау
- ☒ E) Полиплоидия


16. Төмендегі мысалдардың қайсысы генетикалық түрлендірілген организмге жатады?

- A) Фермерлер көкөністер мен жемістерге нитраттар енгізген кезде
- B) Жануарлардың жаңа түрін ашқан кезде
- C) Бір өсімдік түрі жойылу қаупінде болғанда
- ☒ D) Ғалымдар адамның бір генін басқа түрдің ДНҚ-сына енгізген кезде
- E) Әртүрлі тұқымды иттерді будандастырып, күшіктерін алған кезде

17. Қай оқиға бірінші болып өтті?

- A) Приматтар пайда болды
- B) Құрлықтың қоныстандырылуы
- C) Сүтқоректілердің пайда болуы
- D) Көпжасушалы организмдердің пайда болуы
- ☒ E) Фотосинтездің басталуы


18. Сурет Ламарктың эволюция теориясын көрсетеді.



Оның теориясына қатысты төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?


- A) Ең бейімделген организм тірі қалады және ұрпақ қалдырады
- B) Тірі организмдер біздің планетаға бөгде ғаламшарлықтар арқылы жеткізілген
- ☒ C) Егер организм қандай да бір мүшесін белсенді қолданса, келесі ұрпақтарда ол мүше жақсырақ дамиды
- D) Егер жануарлар көп тамақ жесе, олар ірі болады
- E) Барлық организмдер өзгермейді, олар тұрақты

19. Мономерлер макромолекуларға қосылғанда жүретін реакциялардың ортақ белгісі қайсысы?



- A) Екі бірдей мономер ковалентті байланыспен қосылады.
- B) Екі әртүрлі мономер ковалентті байланыспен қосылады.
- ☒ C) Мономерлер ковалентті байланыспен қосылып, нәтижесінде су молекуласы түзіледі.
- D) Мономерлер иондық байланыспен қосылып, нәтижесінде су молекуласы түзіледі.

20. 1-молекула — РНК, ал 2-молекула — ДНК



Төменде берілген тұжырымдардың қайсысы суретте көрсетілген екі молекуланың функциясымен байланысты құрылымдық ұқсастығын ең жақсы сипаттайды?

- A) Екі молекула да бірдей төрт нуклеотидтен тұрады, бұл олардың бірдей нуклеотидтер қорынан синтезделуіне мүмкіндік береді.
- B) Екі молекула да бірдей бескөміртекті қанттан тұрады, бұл олардың әрқайсысын полисахаридтердің құрылымдық блогы ретінде қолдануға мүмкіндік береді.
- ☒ C) Екі молекула да басқа нуклеотидтермен комплементарлы жұп құра алатын нуклеотидтерден тұрады, бұл олардың басқа нуклеин қышқылдары молекулаларының синтезінде матрица ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.
- D) Екі молекула да азоттық негіздер мен фосфат топтарынан тұрады, бұл оларды ақуыздар мен липидтердің синтезінде мономер ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

21. Қаныққан май қышқылдарының қасиеттерін ең дәл сипаттайтын тұжырым қайсысы?


- ☒ A) Олар кем дегенде бір қос байланысқа ие (көміртегі атомдарының арасында).
- B) Оларда майысқан (иілген) көміртегі тізбегі болады.
- C) Олар тек бір ғана байланыстардан (көміртегі атомдарының арасында) тұрады.
- D) Бөлме температурасында олар қанықпаған май қышқылдарынан сұйығырақ болады.

22. Судың қай қасиеті тірі ағзалардағы әмбебап еріткіш ретіндегі рөлін ең жақсы түсіндіреді?
 А) Судың молекулалық массасы жоғары
 В) Су тұздармен иондық байланыс түзе алады
 С) Су молекулалары бір-бірімен және басқа полярлы заттармен сутектік байланыстар түзеді
 D) Су оңай H^+ және OH^- иондарына диссоциацияланады
 E) Судың жылу сыйымдылығы төмен

23. Өсімдік жасушасын жануар жасушасынан ең нақты ажырататын белгі қайсы?
 А) Митохондриялардың болуы
 В) Эндоплазмалық тордың болуы
 С) Целлюлозадан тұратын жасуша қабырғасының болуы
 D) Гольджи аппараттарының болуы
 E) Рибосомалардың болуы

24. Орман экожүйесін зерттеу барысында ағаш кесілген жерден алдымен мүктер мен астық тұқымдастар, кейін бұталар, ал соңында жас ағаштар шыққаны байқалды. Бұл құбылыс қандай процесті сипаттайды?
 А) Вулкандық лаваның бетінде болатын алғашқы сукцессия
 В) Экожүйе бұзылғаннан кейінгі екінші реттік сукцессия
 С) Популяциялардың генетикалық бейімделуі
 D) Түрлердің экологиялық окшаулануы
 E) Қоректік тізбектердің эволюциялық өзгеруі

25. Суретте өсімдіктің өткізгіш ұлпаларының сызбасы берілген.



Егер Б ұлпа зақымданса, бірінші кезекте қандай үдеріс бұзылады?

- А) Су мен минералды заттардың тамырдан жапыраққа тасымалдануы
- В) Органикалық заттардың жапырақтан тамырға тасымалдануы
- С) Жапырақ жасушалары мен атмосфера арасындағы газ алмасу
- D) Жапырақтағы хлорофиллдің синтезі
- E) Камбийдің түзілуі мен сабағының жуандауы

26. Омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі әртүрлі. Төмендегі организмдердің қайсысы жоғары белсенділік кезінде ұлпаларды оттегімен тиімдірек қамтамасыз етеді?

- A) Тері арқылы тыныс алатын жер құрт
- B) Трахеялық жүйесі бар жәндік
- ☒ C) Желбезек арқылы тыныс алатын балық
- ☒ D) Өкпе қапшығы бар ұлулар
- E) Суды сүзу арқылы тыныс алатын губка

27. «Оттек жетіспеген жағдайда кейбір организмдердің жасушалары анаэробты тыныс алуға көшеді, энергия тұрғысынан тиімсіз болғанына қарамастан» деген тұжырымды бағалаңыз. Бұл құбылысты ең жақсы түсіндіретін дәлел қайсысы?

- A) Анаэробты тыныс алу аэробтыдан көп АТФ түзеді
- B) Анаэробты тыныс алу көмірқышқыл газының жиналуын болдырмайды
- C) Анаэробты тыныс алу жасушаның қысқа уақыт болса да өмір сүруіне және қызметін жалғастыруына мүмкіндік береді
- D) Анаэробты тыныс алу фотосинтезді жылдамдатады
- ☒ E) Анаэробты тыныс алу сүт қышқылының түзілуін толық жояды

28. Зертханалық тәжірибеде әртүрлі организмдердің алмасу өнімдері анықталды. Қараңғыда тұрған өсімдік пен тыныш күйдегі жануардың негізгі бөлінетін заттары қандай?


- A) Өсімдік — оттегі, су; жануар — көмірқышқыл газы, зәрнәруыз (мочевина)
- ☒ B) Өсімдік — көмірқышқыл газы, су; жануар — көмірқышқыл газы, зәрнәруыз (мочевина)
- C) Өсімдік — оттегі, глюкоза; жануар — аммиак, су
- D) Өсімдік — сүт қышқылы; жануар — оттегі
- E) Өсімдік — этанол; жануар — азот

29. Жерқұрт пен балықтың қозғалу мүшелерін салыстырыңыз. Қай жұп тұжырым дұрыс?

1. Құрттың қозғалысы тері-бұлшықет қапшығы мен қылтандары арқылы жүзеге асады.
2. Балықтың қозғалысы жұп және тақ жүзбеканаттар мен тұлға бұлшықеттерінің жиырылуына байланысты.
3. Екі организм де қозғалу үшін гидроқақпаға сүйенеді.
4. Екі организм де тегіс бұлшықеттердің жиырылуы арқылы қозғалады.

- ☒ A) 1 және 2
- B) 1 және 3
- C) 2 және 4
- D) 3 және 4
- E) 1 және 4

30. Сызбада рефлекторлық доға көрсетілген.



Сызба: рецептор (№1) → сезгіш нейрон (№2) → аралық нейрон (№3) → қозғалтқыш нейрон (№4) → атқарушы мүше (№5)

Егер жұлындағы аралық нейрон зақымданса, ағзаның реакциясы қалай өзгереді?

- A) Рефлекс сақталады, өйткені доға кіріспе нейронсыз да тұйықталады
- B) Рефлекс жылдамырақ болады, өйткені бір буын қысқарады
- ☒ C) Рефлекс бұзылады, себебі афферентті және эфферентті нейрондардың байланысы үзіледі
- D) Рефлексе тек шартты реакциялар үшін сақталады
- E) Рефлекс тек вегетативті жүйке жүйесінде сақталады

31. Отбасында балада белгілі бір тұқым қуалайтын белгі анықталды. Бұл белгі тек екі бірдей аллель болған жағдайда ғана көрінеді. Бұл белгі қыздарда да, ұлдарда да бірдей жиілікте байқалады. Бұл мысал қандай тұқым қуалау түрін сипаттайды?

- A) Доминантты аутосомды
- ☒ B) Рецессивті аутосомды
- C) Жыныспен тіркескен доминантты
- D) Жыныспен тіркескен рецессивті
- E) Митохондриялық

32. Екі өсімдік бар.

- А өсімдігі түйнек пен пиязшық түзеді.
- В өсімдігі гүл мен тұқым түзеді.

Олардың көбею тәсілдері туралы қандай қорытынды жасауға болады?

- A) Екі өсімдік тек жынысты көбеюді қолданады
- B) Екі өсімдік тек жыныссыз көбеюді қолданады
- ☒ C) А өсімдігі — негізінен вегетативті көбею, В өсімдігі — жынысты көбею
- D) А өсімдігі айқас тозаңдануды, В өсімдігі — өзіндік тозаңдануды қолданады
- E) Екі өсімдік те тек спора түзу арқылы көбейеді

33. Ғалымдар екі бактерия популяциясын зерттеді:

- 1-популяция: антибиотик әсеріне төзімді.
- 2-популяция: сол антибиотикке сезімтал.

Бұл құбылысты биологиялық тұрғыдан дұрыс түсіндіру қайсысы?

- ☒ A) 1-популяцияда төзімділік беретін спонтанды мутация пайда болған
- B) 1-популяцияда төзімділік гені тек жынысты жолмен берілген
- C) 2-популяцияда төзімділік гендері бар плазмидтер болған
- D) 1-популяцияда жасуша қабырғасы болмаған
- E) 2-популяцияда гендердің көлденең берілуі жүрген

34. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы прокариот жасушаларына қатысты дұрыс емес?

- A) Прокариот жасушалары эукариот жасушаларынан кішірек
- B) Прокариот жасушаларының жасушалық мембранасы бар
- C) Прокариот жасушаларында рибосомалар болады
- ☒ D) Прокариот жасушаларында ядро бар
- E) Бактерия жасушаларында жасуша қабырғасы болады

35. Кейбір ғалымдардың пікірінше, саңырауқұлақтар өсімдіктерге қарағанда жануарларға жақынырақ. Төмендегі белгілердің қайсысы жануарлар мен саңырауқұлақтарды біріктіреді?

- A) Саңырауқұлақ жасушаларында жасуша қабырғасы болады
- B) Кейбір саңырауқұлақтар біржасушалы
- C) Саңырауқұлақтар белсенді қозғала алмайды
- ☒ D) Саңырауқұлақтар фотосинтез арқылы өз органикалық заттарын өндіре алмайды
- E) Кейбір саңырауқұлақтардың топырақта тамырға ұқсас құрылымдары болады

36. Суретте көрсетілген ағза қандай өсімдіктер тобына жатады?




- A) Қырықжапырақтар
- B) Мүктер
- C) Ашықтұқымдылар
- D) Даражарнақтылар
- ☒ E) Қосжарнақтылар

37. Инсулин гормоны ақуыздан тұрады. Ол қандағы глюкоза деңгейін реттеуге көмектеседі. Инсулин бауыр және бұлшықет жасушаларын қандағы глюкозаны сіңіруге белсендіреді. Бұл тұжырым ақуыздардың қай қызметін сипаттайды?

- ☒ A) Реттеуші
- B) Қозғалтқыш (қимылдық)
- C) Тасымалдаушы
- D) Қорғаныштық
- E) Пигменттік


38. Суретте ұлпалардан сұйықтықты шығаратын лимфа жүйесі көрсетілген. Лимфа жүйесі болмаса, ағза жасушаларының арасында тым көп сұйықтық жиналып қалар еді.



Үйіміздегі қандай жүйе осындай қызмет атқарады?

- A) Электр сымдары
- B) Терезелер
- C) Желдету жүйесі
- D) Өрт қауіпсіздік жүйесі
- ☒ E) Канализация

39. Төмендегі суретке қараңыз.



Қай жасуша бактерияларды осылай жұтады?

- ☒ A) Фагоцит
- B) В-лимфоцит
- C) Т-лимфоцит
- D) Эритроцит
- E) Тромбоцит

40. Төмендегі аурулардың қайсысы бактериялардан пайда болады?

- A) Холера
- B) Герпес
- C) COVID-19
- ☒ D) Лейшманиоз
- E) Амебалық дизентерия

41. Төменде берілгендердің қайсысы канайналым жүйесі арқылы тасымалданбайды?

- A) Гормондар
- B) Қоректік заттар (тағам)
- ☒ C) Зәрнәруыз (мочевина)
- D) Көмірқышқыл газы
- E) Жүйке импульстері

42. Оқушы жарық бөлмеден қараңғы жерге кіргенде біраз уақыт бойы заттарды анық көре алмады. Бұл құбылысты дұрыс түсіндіру қайсысы?

- A) Қарашықтар бірден жұмысын тоқтатып, таяқшалар баяу бейімделеді
- B) Таяқшалар тек жарықта жұмыс істейді, сондықтан көру қабілеті төмендейді
- ☒ C) Қарашықтар жарық өзгерісіне таяқшалардан жылдам бейімделеді
- D) Таяқшалар бірден іске қосылады, бірақ көру жүйкесі уақытша бөгеледі
- E) Қарашықтар мен таяқшалардың жарыққа сезімталдығы бірдей, бірақ оларды нұрлы қабықтағы пигменттер тежейді

43. Наукаc дәрігерге мынадай шағымдармен келді: калыпты тамақтанса да арықтау, жүрек қағысының жиілеуі, қолдың қалтырауы, қатты терлеу. Бұл наукаста қандай ауру болуы мүмкін?

- A) Гипотиреоз (қалқанша без гормондарының жетіспеушілігі)
- ☒ B) Гипертиреоз (қалқанша без гормондарының артық бөлінуі)
- C) Қант диабеті (инсулиннің жетіспеушілігі)
- D) Аддисон ауруы (бүйрекүсті без гормондарының жетіспеушілігі)
- E) Акромегалия (өсу гормонының артық бөлінуі)

44. Бұл сүйектерде қандай буын түрі бар?



- A) Жартылай қимылдайтын буын
- B) Қимылдайтын буын
- ☒ C) Қимылсыз буын
- D) Шар тәрізді буын
- E) Айналмалы буын

45. Егер біз өкпе арқылы көмірқышқыл газымен бірге азот алмасу өнімдерін де шығара алсақ, қай мүше жұмысы айтарлықтай азаяр еді?

- A) Ми
- B) Жүрек
- C) Бауыр
- ☒ D) Бүйрек
- E) Тоқ ішек

46-47 сұрақтар:

Жануарлардың ұрықтық дамуы гастрұла деп аталатын кезеңнен өтеді. Гастрұла бірнеше жасуша қабатынан тұрады. Бұл қабаттар ұрық жапырақшалары деп аталады және барлық мүшелер солардан түзіледі.


46. Ұрықтың сыртқы қабаты қалай аталады?

- A) Эктодерма
- B) Энтодерма
- C) Мезодерма
- D) Эпидермис
- E) Тері

47. Энтодермадан қандай мүшелер немесе жасушалар түзіледі?

- A) Ми мен жұлын
- B) Өкпе және ас қорыту жолы
- C) Бұлшықеттер мен сүйектер
- D) Жүрек пен бүйрек
- E) Эпидермис пен пигментті жасушалар

48. Венера шыбынжұтқышы (суретте) — азоты аз топырақта өсетін өсімдік.



Азот алу үшін венера шыбынжұтқышы жәндіктерді ұстап, жапырақтарымен қорытады.


Бұл ненің мысалы болып табылады?

- A) Фотосинтез
- B) Жасанды сұрыптау
- C) Бейімделу
- D) Ламаркизм
- E) Тұқымқуалаушылық

49. Тәжірибені елестетіп көріңіз: сіз біржасушалы организмді барлық қажетті заттар мен белсенді өсу мен көбеюге қажетті жағдайлары бар қоректік ортаға салдыңыз. Біраз уақыттан кейін сол ортада дәл сондай 64 біржасушалы организмдер пайда болды (бұл организм тек қана екіге бөліну арқылы көбейеді деп алайық және бірде-бір жасуша өлмеді деп есептейік). Егер бастапқыда бір емес, екі жасуша салынса, дәл сондай уақыт өткен соң ортада қанша жасуша болады?

- A) 65
- B) 32
- C) 63
- D) 96
- ☒ E) 128

Төмендегі суретке қарап, 50 – 52 сұрақтарға жауап беріңіз.



50. А органоидын атаңыз

- A) Митохондрия
- B) Хлоропласт
- ☒ C) Ядро
- D) Гольджи аппараты

51. Жасуша түрін анықтаңыз

- A) Жануар жасушасы
- ☒ B) Өсімдік жасушасы
- C) Саңырауқұлақ жасушасы
- D) Бактерия жасушасы

52. В органоидының нақты көлемін есептеңіз

- A) 4 мкм
- ☒ B) 2,5 мкм
- C) 7,5 мкм
- D) 5 мкм

53. Нитрификациялаушы бактериялар қандай қызмет атқарады?

- A) Нитрат иондарын газ тәрізді азотқа айналдырады
- B) Молекулалық азотты аммоний иондарына айналдырады
- ☒ C) Аммоний иондарын нитрат иондарына айналдырады
- D) Молекулалық азотты нитрат иондарына айналдырады
- E) Нитрат иондарын аммоний иондарына айналдырады


Ауыл мектептерінің 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңі

Тур: II

Жалпы ұпай саны: 53

Уақыты: 90 минут

I. Модель, белгілі бір ағзаның жасушасында жүретін процесті көрсетеді (суретте).



Қай тұжырым суретте көрсетілген процесті дұрыс түсіндіреді?

- A) ДНҚ репликациясы жүруде, себебі репликация жартылай-консервативті және жаңа тізбек матрицалық тізбектің көшірмесі болып табылады.
- ☒ B) Транскрипция инициациясы жүруде, себебі РНҚ тізбегі ДНҚ матрицалық тізбегінен синтезделеді.
- C) Трансляция жүруде, себебі екі тізбек ажырап, жаңа тізбек синтезделуде.
- D) мРНҚ-ның альтернативті сплайсингі жүруде, себебі мРНҚ тізбегі тек бір ДНҚ тізбегінен синтезделеді.

2. Антибиотиктер прокариоттық жасушалардың қызметіне әсер етеді. Стрептомицин — прокариоттарда рибосоманың кіші суббірлігіне әсер ететін антибиотик. Әсіресе, стрептомицин прокариоттық рибосомаларда тРНҚ-ның мРНҚ-мен дұрыс байланысуына кедергі жасайды.

Төмендегі қай нұсқа стрептомициндің прокариоттық жасушаларға әсер етуінің тікелей салдарын ең дұрыс болжайды?

- A) Аминқышқылдардың синтезі басылады.
- B) мРНҚ ДНҚ-дан транскрипцияланбайды.
- C) Посттрансляциялық модификациялар алдын алынады.
- ☒ D) Полипептидтердің синтезі басылады.

3. Қойларда **P** гені – мүйізсіздікті, ал **P'** гені – мүйізділікті анықтайды. Бұл аллельдердің басымдылығы жынысқа байланысты. Қошқарларда мүйізділік мүйізсіздікке карағанда басым, ал қойларда мүйізсіздік мүйізділікке карағанда басым болады.

Мүйізді қойды мүйізсіз қошқармен будандастырғанда **F₁** ұрпағы қандай болады деп күтуге болады?

- A) барлық ұрпақ (қойлар да, қошқарлар да) мүйізсіз болады
- B) барлық ұрпақ (қойлар да, қошқарлар да) мүйізді болады
- C) ұрпақта тек мүйізсіз қошқарлар болады, мүлде қой болмайды
- D) барлық қойлар мүйізді, ал барлық қошқарлар мүйізсіз болады
- ☒ E) барлық қойлар мүйізсіз, ал барлық қошқарлар мүйізді болады

4. Электрондарды тасымалдау тізбегі (ЭТТ) бірнеше электрон тасымалдаушы молекулалардан тұрады. Бұл тасымалдаушылар мембраналарда орналасқан.

Осы тасымалдаушылардың әдетте мембраналарда орналасуын ең дұрыс түсіндіретін тұжырым қайсысы?

- A) ЭТТ бойымен қозғалатын электрондар эндоцитоз бен экзоцитоз процестеріне тікелей пайдаланылады.
- B) ЭТТ бойымен қозғалатын электрондар АТФ-ты мембранааралық кеңістіктен айдаумен байланысқан.
- ☒ C) ЭТТ-дан алынған энергия мембрананың екі жағында протондар концентрациясының айырмасын жасайды.
- D) ЭТТ-дан алынған энергия АТФ молекуласын толық тотығуға жұмсалып, энергияны мембранадан тыс босатады.

5. Эукариотты жасушаның жасушалық циклінде ДНҚ мөлшері қанша пайызға өзгереді деп күтіледі — G₁ фазасының басынан G₂ фазасының соңына дейін?

- A) -100%
- B) -50%
- C) +50%
- ☒ D) +100%

6. Үш үдеріс көрсетілген:

- I. Аэробты тыныс алу
- II. Сүт қышқылды ашу
- III. Спирттік ашу

Осы үдерістердің қайсысы тек цитоплазмада жүреді?

- A) тек I
- B) I және II
- C) I және III
- ☒ D) II және III
- E) тек III

7. Қатты физикалық жүктеме кезінде бұлшықеттер аэробты тыныс алуды жалғастыра алмайды. Неліктен?

- ☒ A) бұлшықеттер өте қарқынды жұмыс істеп, түсетін оттегі аэробты тыныс алуға жеткіліксіз болады
- B) аэробты тыныс алу бұлшықет жасушаларына уытты сүт қышқылын тым көп түзеді
- C) аэробты тыныс алу өте аз энергия береді, ал қарқынды жүктеме кезінде бұлшықеттерге көп энергия қажет
- D) аэробты тыныс алу бұлшықет жасушаларына уытты көмірқышқыл газын тым көп түзеді
- E) аэробты тыныс алу бұлшықет жасушаларына уытты этанолды тым көп түзеді

8. Нефронда зәр үш кезеңде түзіледі: сүзілу, қайта сіңу және секреция. Сүзілу кезінде салыстырмалы түрде ұсақ молекулалар қандаң Боумен қапшығына өтеді. Төменде берілген заттардың қайсысы қандаң Боумен қапшығына өтпейді?

- A) су
- ☒ B) нәруыздар
- C) минералды заттар
- D) зәрнәруыз (мочевина)
- E) глюкоза


9. Кейбір организмдер, мысалы жәндіктер мен бауырымен жорғалаушылар, құрғақ ортада тіршілік етеді. Оларға ағзада суды сақтау қажет. Азотты алмасу өнімдері ретінде олар қандай қосылысты бөледі?

- ☒ A) Аммиак — уыттылығы жоғары, суда жақсы еритін
- ☐ B) Зәрнәруыз (мочевина) — уыттылығы орташа, суда орташа еритін
- ☐ C) Зәр қышқылы — уыттылығы төмен, суда аз еритін
- ☐ D) Аминқышқылдар — уыттылығы мен ерігіштігі әртүрлі
- ☐ E) Ақуыздар — уыттылығы төмен, суда жақсы еритін

10. Осы ДНҚ тізбегіне комплементарлы тізбекті құрыңыз: 3'-AGGCTC-5'


- ☐ A) 3'-TAACCG-5'
- ☒ B) 3'-GAGCCT-5'
- ☐ C) 3'-GAGTCC-5'
- ☐ D) 3'-TCCATT-5'
- ☐ E) 3'-TCCGAG-5'

11. Митоздың алғашқы кезеңінен соңғы кезеңіне дейінгі реттілікте сызбаларды орналастырыңыз.



- ☐ A) A, B, C, D
- ☐ B) B, C, D, A
- ☒ C) C, D, B, A
- ☐ D) C, B, D, A
- ☐ E) D, C, B, A

12. Бұл сурет кроссинговер үдерісін көрсетеді.



Кроссинговердің маңызы неде?

- A) Ол митоздан кейін гаметалардың тең бөлінуін қамтамасыз етеді
- B) Ол мейоз I-ден кейін гаметалардың тең бөлінуін қамтамасыз етеді
- C) Бөліну ұршығының жіпшелері хромосомалардағы кроссинговер аймағына бекітіледі
- ☒ D) Ол түзілетін гаметаларды әртүрлі етіп, генетикалық әртүрлілікті арттырады
- E) Кроссинговер жаңа гендер түзеді, олар организмге қосымша қабілеттер береді

13. Дигибридті будандастыруда $AaBb \times AaBb$, ұрпақтың қанша бөлігі екі рецессивті белгілер бойынша гомозиготалы болады?

- ☒ A) 1/16
- B) 1/8
- C) 3/16
- D) 1/4
- E) 3/4

14. Елестетіңіз, сіз өскенде алыс ғаламшарда инопланеталықтар популяциясын ашқан ғалымдардың бірі боласыз. Бұл инопланеталықтардың арасында қара түсті және ақ түсті организмдер бар.



Қара түстің аллелі доминантты (D), ал ақ түстің аллелі рецессивті (d). Сіз сондай-ақ инопланеталықтардың белгілері Мендель заңдары бойынша ұрпақтан ұрпаққа берілетінін анықтадыңыз. Адамдар сияқты, олардың да әр белгі бойынша екі аллелі бар. Сіз инопланеталықтардың бір отбасымен кездестіңіз, олар сіздің достарыңызға айналды. Бұл отбасында әкесі — қара түсті, анасы — ақ түсті, ал олардың жалғыз баласы да ақ түсті. Осы отбасының әкесінің генотипі қандай?

- A) DD
- B) DDd
- C) dd
- ☒ D) Dd
- E) Ddd

15. Әдетте бидайда 14 хромосома болады (диплоидті жиынтық). Бірақ ғалымдар 28 немесе 42 хромосомасы бар бидайдың сорттарын шығарды. Бұл өзгертілген өсімдіктер анағұрлым құнарлы болып табылады.

Бұл әдіс қалай аталады?

- A) Селекция
- ☒ B) Гендік инженерия
- C) Хромосомаларды өзгерту
- D) Микрочиптік талдау
- E) Полиплоидия


16. Төмендегі мысалдардың қайсысы генетикалық түрлендірілген организмге жатады?

- A) Фермерлер көкөністер мен жемістерге нитраттар енгізген кезде
- B) Жануарлардың жаңа түрін ашқан кезде
- C) Бір өсімдік түрі жойылу қаупінде болғанда
- ☒ D) Ғалымдар адамның бір генін басқа түрдің ДНҚ-сына енгізген кезде
- E) Әртүрлі тұқымды иттерді будандастырып, күшіктерін алған кезде

17. Қай оқиға бірінші болып өтті?

- A) Приматтар пайда болды
- B) Құрлықтың қоныстандырылуы
- C) Сүтқоректілердің пайда болуы
- D) Көпжасушалы организмдердің пайда болуы
- ☒ E) Фотосинтездің басталуы


18. Сурет Ламарктың эволюция теориясын көрсетеді.



Оның теориясына қатысты төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?


- ☒ A) Ең бейімделген организм тірі қалады және ұрпақ қалдырады
- B) Тірі организмдер біздің планетаға бөгде ғаламшарлықтар арқылы жеткізілген
- C) Егер организм қандай да бір мүшесін белсенді қолданса, келесі ұрпақтарда ол мүше жақсырақ дамиды
- D) Егер жануарлар көп тамақ жесе, олар ірі болады
- E) Барлық организмдер өзгермейді, олар тұрақты

19. Мономерлер макромолекулаларға қосылғанда жүретін реакциялардың ортақ белгісі қайсысы?



- A) Екі бірдей мономер ковалентті байланыспен қосылады.
- B) Екі әртүрлі мономер ковалентті байланыспен қосылады.
- ☒ C) Мономерлер ковалентті байланыспен қосылып, нәтижесінде су молекуласы түзіледі.
- D) Мономерлер иондық байланыспен қосылып, нәтижесінде су молекуласы түзіледі.

20. 1-молекула — РНК, ал 2-молекула — ДНК.



Төменде берілген тұжырымдардың қайсысы суретте көрсетілген екі молекуланың функциясымен байланысты құрылымдық ұқсастығын ең жақсы сипаттайды?

- A) Екі молекула да бірдей төрт нуклеотидтен тұрады, бұл олардың бірдей нуклеотидтер қорынан синтезделуіне мүмкіндік береді.
- B) Екі молекула да бірдей бескөміртекті қанттан тұрады, бұл олардың әрқайсысын полисахаридтердің құрылымдық блогы ретінде қолдануға мүмкіндік береді.
- ☒ C) Екі молекула да басқа нуклеотидтермен комплементарлы жұп құра алатын нуклеотидтерден тұрады, бұл олардың басқа нуклеин қышқылдары молекулаларының синтезінде матрица ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.
- D) Екі молекула да азоттық негіздер мен фосфат топтарынан тұрады, бұл оларды ақуыздар мен липидтердің синтезінде мономер ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

21. Қаныққан май қышқылдарының қасиеттерін ең дәл сипаттайтын тұжырым қайсысы?

- A) Олар кем дегенде бір қос байланысқа ие (көміртегі атомдарының арасында).
- B) Оларда майысқан (иілген) көміртегі тізбегі болады.
- ☒ C) Олар тек бір ғана байланыстардан (көміртегі атомдарының арасында) тұрады.
- D) Бөлме температурасында олар қанықпаған май қышқылдарынан сұйығырақ болады.

22. Судың қай қасиеті тірі ағзалардағы әмбебап еріткіш ретіндегі рөлін ең жақсы түсіндіреді?

- A) Судың молекулалық массасы жоғары
- B) Су тұздармен иондық байланыс түзе алады
- ☒ C) Су молекулалары бір-бірімен және басқа полярлы заттармен сутектік байланыстар түзеді
- D) Су оңай H^+ және OH^- иондарына диссоциацияланады
- E) Судың жылу сыйымдылығы төмен

23. Өсімдік жасушасын жануар жасушасынан ең нақты ажырататын белгі қайсы?

- A) Митохондриялардың болуы
- B) Эндоплазмалық тордың болуы
- ☒ C) Целлюлозадан тұратын жасуша қабырғасының болуы
- D) Гольджи аппараттарының болуы
- E) Рибосомалардың болуы

24. Орман экожүйесін зерттеу барысында ағаш кесілген жерден алдымен мүктер мен астық тұқымдастар, кейін бұталар, ал соңында жас ағаштар шыққаны байқалды. Бұл құбылыс қандай процесті сипаттайды?

- ☒ A) Вулкандық лаваның бетінде болатын алғашқы сукцессия
- B) Экожүйе бұзылғаннан кейінгі екінші реттік сукцессия
- C) Популяциялардың генетикалық бейімделуі
- D) Түрлердің экологиялық окшаулануы
- E) Қоректік тізбектердің эволюциялық өзгеруі

25. Суретте өсімдіктің өткізгіш ұлпаларының сызбасы берілген.



Егер Б ұлпа зақымданса, бірінші кезекте қандай үдеріс бұзылады?

- A) Су мен минералды заттардың тамырдан жапыраққа тасымалдануы
- ☒ B) Органикалық заттардың жапырақтан тамырға тасымалдануы
- C) Жапырақ жасушалары мен атмосфера арасындағы газ алмасу
- D) Жапырақтағы хлорофиллдің синтезі
- E) Камбийдің түзілуі мен сабағының жуандауы

26. Омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі әртүрлі. Төмендегі организмдердің қайсысы жоғары белсенділік кезінде ұлпаларды оттегімен тиімдірек қамтамасыз етеді?

- A) Тері арқылы тыныс алатын жер құрт
- B) Трахейлік жүйесі бар жәндік
- ☒ C) Желбезек арқылы тыныс алатын балық
- D) Өкпе қапшығы бар ұлулар
- E) Суды сүзу арқылы тыныс алатын губка

27. «Оттек жетіспеген жағдайда кейбір организмдердің жасушалары анаэробты тыныс алуға көшеді, энергия тұрғысынан тиімсіз болғанына қарамастан» деген тұжырымды бағалаңыз. Бұл құбылысты ең жақсы түсіндіретін дәлел қайсысы?

- A) Анаэробты тыныс алу аэробтыдан көп АТФ түзеді
- B) Анаэробты тыныс алу көмірқышқыл газының жиналуын болдырмайды
- ☒ C) Анаэробты тыныс алу жасушаның қысқа уақыт болса да өмір сүруіне және қызметін жалғастыруына мүмкіндік береді
- D) Анаэробты тыныс алу фотосинтезді жылдамдатады
- E) Анаэробты тыныс алу сүт қышқылының түзілуін толық жояды

28. Зертханалық тәжірибеде әртүрлі организмдердің алмасу өнімдері анықталды. Қараңғыда тұрған өсімдік пен тыныш күйдегі жануардың негізгі бөлінетін заттары қандай?


- A) Өсімдік — оттегі, су; жануар — көмірқышқыл газы, зәрнәруыз (мочевина)
- ☒ B) Өсімдік — көмірқышқыл газы, су; жануар — көмірқышқыл газы, зәрнәруыз (мочевина)
- C) Өсімдік — оттегі, глюкоза; жануар — аммиак, су
- D) Өсімдік — сүт қышқылы; жануар — оттегі
- E) Өсімдік — этанол; жануар — азот

29. Жерқұрт пен балықтың қозғалу мүшелерін салыстырыңыз. Қай жұп тұжырым дұрыс?

1. Құрттың қозғалысы тері-бұлшықет қапшығы мен қылтандары арқылы жүзеге асады.
2. Балықтың қозғалысы жұп және тақ жүзбеқанаттар мен тұлға бұлшықеттерінің жиырылуына байланысты.
3. Екі организм де қозғалу үшін гидроқаңқаға сүйенеді.
4. Екі организм де тегіс бұлшықеттердің жиырылуы арқылы қозғалады.

- ☒ A) 1 және 2
- B) 1 және 3
- C) 2 және 4
- D) 3 және 4
- E) 1 және 4

30. Сызбада рефлекторлық доға көрсетілген.



Сызба: рецептор (№1) → сезгіш нейрон (№2) → аралық нейрон (№3) → қозғалтқыш нейрон (№4) → атқарушы мүше (№5)

Егер жұлындағы аралық нейрон зақымданса, ағзаның реакциясы қалай өзгереді?

- A) Рефлекс сақталады, өйткені доға кіріспе нейронсыз да тұйықталады
- B) Рефлекс жылдамырақ болады, өйткені бір буын қысқарады
- ☒ C) Рефлекс бұзылады, себебі афферентті және эфферентті нейрондардың байланысы үзіледі
- D) Рефлексе тек шартты реакциялар үшін сақталады
- E) Рефлекс тек вегетативті жүйке жүйесінде сақталады

31. Отбасында балада белгілі бір тұқым қуалайтын белгі анықталды. Бұл белгі тек екі бірдей аллель болған жағдайда ғана көрінеді. Бұл белгі қыздарда да, ұлдарда да бірдей жиілікте байқалады. Бұл мысал қандай тұқым қуалау түрін сипаттайды?

- A) Доминантты аутосомды
- ☒ B) Рецессивті аутосомды
- C) Жыныспен тіркескен доминантты
- D) Жыныспен тіркескен рецессивті
- E) Митохондриялық

32. Екі өсімдік бар.

- А өсімдігі түйнек пен пиязшық түзеді.
- В өсімдігі гүл мен тұқым түзеді.

Олардың көбею тәсілдері туралы қандай қорытынды жасауға болады?

- A) Екі өсімдік тек жынысты көбеюді қолданады
- B) Екі өсімдік тек жыныссыз көбеюді қолданады
- ☒ C) А өсімдігі — негізінен вегетативті көбею, В өсімдігі — жынысты көбею
- D) А өсімдігі аяқас тозаңдануды, В өсімдігі — өзіндік тозаңдануды қолданады
- E) Екі өсімдік те тек спора түзу арқылы көбейеді

33. Ғалымдар екі бактерия популяциясын зерттеді:

- 1-популяция: антибиотик әсеріне төзімді.
- 2-популяция: сол антибиотикке сезімтал.

Бұл құбылысты биологиялық тұрғыдан дұрыс түсіндіру қайсысы?

- ☒ A) 1-популяцияда төзімділік беретін спонтанды мутация пайда болған
- B) 1-популяцияда төзімділік гені тек жынысты жолмен берілген
- C) 2-популяцияда төзімділік гендері бар плазмидтер болған
- D) 1-популяцияда жасуша қабырғасы болмаған
- E) 2-популяцияда гендердің көлденең берілуі жүрген

34. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы прокариот жасушаларына қатысты дұрыс емес?

- A) Прокариот жасушалары эукариот жасушаларынан кішірек
- B) Прокариот жасушаларының жасушалық мембранасы бар
- C) Прокариот жасушаларында рибосомалар болады
- ☒ D) Прокариот жасушаларында ядро бар
- E) Бактерия жасушаларында жасуша қабырғасы болады

35. Кейбір ғалымдардың пікірінше, саңырауқұлақтар өсімдіктерге қарағанда жануарларға жақынырақ. Төмендегі белгілердің қайсысы жануарлар мен саңырауқұлақтарды біріктіреді?

- A) Саңырауқұлақ жасушаларында жасуша қабырғасы болады
- B) Кейбір саңырауқұлақтар біржасушалы
- C) Саңырауқұлақтар белсенді қозғала алмайды
- ☒ D) Саңырауқұлақтар фотосинтез арқылы өз органикалық заттарын өндіре алмайды
- E) Кейбір саңырауқұлақтардың топырақта тамырға ұқсас құрылымдары болады

36. Суретте көрсетілген ағза қандай өсімдіктер тобына жатады?



- A) Қырықжапырақтар
- B) Мүктер
- ☒ C) Ашықтұқымдылар
- D) Даражарнақтылар
- E) Қосжарнақтылар


37. Инсулин гормоны ақуыздан тұрады. Ол қандағы глюкоза деңгейін реттеуге көмектеседі.

Инсулин бауыр және бұлшықет жасушаларын қандағы глюкозаны сіңіруге белсендіреді.

Бұл тұжырым ақуыздардың қай қызметін сипаттайды?

- ☒ A) Реттеуші
- B) Қозғалтқыш (қимылдық)
- C) Тасымалдаушы
- D) Қорғаныштық
- E) Пигменттік


38. Суретте ұлпалардан сұйықтықты шығаратын лимфа жүйесі көрсетілген. Лимфа жүйесі болмаса, ағза жасушаларының арасында тым көп сұйықтық жиналып қалар еді.



Үйіміздегі қандай жүйе осындай қызмет атқарады?

- A) Электр сымдары
- B) Терезелер
- C) Желдету жүйесі
- D) Өрт қауіпсіздік жүйесі
- ☒ E) Канализация

39. Төмендегі суретке қараңыз.



Қай жасуша бактерияларды осылай жұтады?

- ☒ A) Фагоцит
- B) В-лимфоцит
- C) Т-лимфоцит
- D) Эритроцит
- E) Тромбоцит

40. Төмендегі аурулардың қайсысы бактериялардан пайда болады?

- A) Холера
- B) Герпес
- C) COVID-19
- ☒ D) Лейшманиоз
- E) Амебалық дизентерия

41. Төменде берілгендердің қайсысы қанайналым жүйесі арқылы **тасымалданбайды**?

- A) Гормондар
- B) Қоректік заттар (тағам)
- C) Зәрнәруыз (мочевина)
- D) Көмірқышқыл газы
- ☒ E) Жүйке импульстері


42. Оқушы жарық бөлмеден қараңғы жерге кіргенде біраз уақыт бойы заттарды анық көре алмады. Бұл құбылысты дұрыс түсіндіру қайсысы?

- A) Қарашықтар бірден жұмысын тоқтатып, таяқшалар баяу бейімделеді
- B) Таяқшалар тек жарықта жұмыс істейді, сондықтан көру қабілеті төмендейді
- ☒ C) Қарашықтар жарық өзгерісіне таяқшалардан жылдам бейімделеді
- D) Таяқшалар бірден іске қосылады, бірақ көру жүйкесі уақытша бөгеледі
- E) Қарашықтар мен таяқшалардың жарыққа сезімталдығы бірдей, бірақ оларды нұрлы қабықтағы пигменттер тежейді

43. Наукаc дәрігерге мынадай шағымдармен келді: калыпты тамактанса да арықтау, жүрек қағысының жиілеуі, қолдың қалтырауы, қатты терлеу. Бұл наукаста қандай ауру болуы мүмкін?

- A) Гипотиреоз (қалқанша без гормондарының жетіспеушілігі)
- ☒ B) Гипертиреоз (қалқанша без гормондарының артық бөлінуі)
- C) Қант диабеті (инсулиннің жетіспеушілігі)
- D) Аддисон ауруы (бүйрекүсті без гормондарының жетіспеушілігі)
- E) Акромегалия (өсу гормонының артық бөлінуі)

44. Бұл сүйектерде қандай буын түрі бар?



- A) Жартылай қимылдайтын буын
- B) Қимылдайтын буын
- ☒ C) Қимылсыз буын
- D) Шар тәрізді буын
- E) Айналмалы буын

45. Егер біз өкпе арқылы көмірқышқыл газымен бірге азот алмасу өнімдерін де шығара алсақ, қай мүше жұмысы айтарлықтай азаяр еді?

- A) Ми
- B) Жүрек
- C) Бауыр
- ☒ D) Бүйрек
- E) Тоқ ішек

46-47 сұрақтар:

Жануарлардың ұрықтық дамуы гастрұла деп аталатын кезеңнен өтеді. Гастрұла бірнеше жасуша қабатынан тұрады. Бұл қабаттар ұрық жапырақшалары деп аталады және барлық мүшелер солардан түзіледі.


46. Ұрықтың сыртқы қабаты қалай аталады?

- ☒ А) Эктодерма
- ☐ В) Энтодерма
- ☐ С) Мезодерма
- ☐ D) Эпидермис
- ☐ E) Тері

47. Энтодермадан қандай мүшелер немесе жасушалар түзіледі?

- ☐ А) Ми мен жұлын
- ☐ В) Өкпе және ас қорыту жолы
- ☐ С) Бұлшықеттер мен сүйектер
- ☒ D) Жүрек пен бүйрек
- ☐ E) Эпидермис пен пигментті жасушалар

48. Венера шыбынжұтқышы (суретте) — азоты аз топырақта өсетін өсімдік.



Азот алу үшін венера шыбынжұтқышы жәндіктерді ұстап, жапырақтарымен қорытады.


Бұл ненің мысалы болып табылады?

- ☐ А) Фотосинтез
- ☐ В) Жасанды сұрыптау
- ☒ C) Бейімделу
- ☐ D) Ламаркизм
- ☐ E) Тұқымқуалаушылық

49. Тәжірибені елестетіп көріңіз: сіз біржасушалы организмді барлық қажетті заттар мен белсенді өсу мен көбеюге қажетті жағдайлары бар қоректік ортаға салдыңыз. Біраз уақыттан кейін сол ортада дәл сондай 64 біржасушалы организмдер пайда болды (бұл организм тек қана екіге бөліну арқылы көбейеді деп алайық және бірде-бір жасуша өлмеді деп есептейік). Егер бастапқыда бір емес, екі жасуша салынса, дәл сондай уақыт өткен соң ортада қанша жасуша болады?

- A) 65
- B) 32
- C) 63
- D) 96
- ☒ E) 128

Төмендегі суретке қарап, 50 – 52 сұрақтарға жауап беріңіз.



50. А органоидын атаңыз

- A) Митохондрия
- B) Хлоропласт
- ☒ C) Ядро
- D) Гольджи аппараты

51. Жасуша түрін анықтаңыз

- A) Жануар жасушасы
- ☒ B) Өсімдік жасушасы
- C) Саңырауқұлақ жасушасы
- D) Бактерия жасушасы

52. В органоидының нақты көлемін есептеңіз

- A) 4 мкм
- B) 2,5 мкм
- ☒ C) 7,5 мкм
- D) 5 мкм

53. Нитрификациялаушы бактериялар қандай қызмет атқарады?

- ☒ A) Нитрат иондарын газ тәрізді азотқа айналдырады
- B) Молекулалық азотты аммоний иондарына айналдырады
- C) Аммоний иондарын нитрат иондарына айналдырады
- D) Молекулалық азотты нитрат иондарына айналдырады
- E) Нитрат иондарын аммоний иондарына айналдырады